

КПО Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында екі әлеуметтік жобаны аяқтады



Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) компаниясы Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданында жалпы құны 6,5 млн. АҚШ долларына жуық екі ірі әлеуметтік жобаның аяқталғанын мәлімдеді.

Жергілікті инфрақұрылымды дамыту

бағдарламасы шеңберінде КПО Ақсай қаласының 10-шы шағын ауданындағы қазандықты қайта жөндеуден өткізген болатын, сол сияқты қалаға Ақбұлақ жер асты суы бастауынан қосымша су тарту жобасы жүзеге асырылды.

КПО-ның бас директоры Джузеппе Паззи: «Біз осы заманауи екі әлеуметтік нысанды Республика Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында бітіргенімізге қуаныштымыз. КПО-ның жергілікті инфрақұрылымды жақсартуға арналған инвестициясының арқасында аумақта жаңа мектептер, ауруханалар, спорттық ғимараттар салынып, жолдар төселді, сол сияқты Ақсайда және басқа да елді мекендерде газбен, сумен қамту жұмыстарын жүзеге асырдық».

КПО-ның әлеуметтік бағдарламасы өнімді бөлісу жөніндегі түпкілікті келісімнің уақыты ішінде жарты миллиард АҚШ долларын астам инвестиция қарастырып отыр. Бұл дегеніміз Батыс Қазақстан облысының бүкіл өлімділік игілігі үшін дамып, өркендеуінің келімі.

Бөрлі ауданының әкімі Болат Шәкімов атап айтқандай, ауданның әлеуметтік инфрақұрылымының жақсаруы КПО-ның әлеуметтік жауапкершілігінің жарқын көрінісі болып табылады. «Жергілікті билік орындары мен КПО-ның өріптестік қарым-қатынасы Қарашығанақтың әлеуеттілігін тиімді пайдалануды нығайта түседі, бұл

өз кезегінде, аумақтың экономикалық және әлеуметтік салаларында жақсы жағынан бой көрсетіп жатады. Бұл аудан тұрғындары үшін Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңындағы тамаша сыйлық», – деді Болат Шәкімов.

Қазандықтың пайдалануға берілуі Ақсай қаласының оныншы шағын ауданындағы бұрыннан бар және жаңадан салынған әлеуметтік нысандарды ыстық және салқын сумен толықтай қамтуға жетті. Оның ішінде 2010 жылы КПО-ның әлеуметтік бағдарламалары шеңберінде салынған 900 орындық жаңа мектеп те бар. Жергілікті мердігерлік компания «Ақсайспецмонтаж» ЖШС жылға жетпейтін уақыт ішінде үлкен жұмыс көлемін жүзеге асырды. Қазандыққа арналған жаңа ғимарат салды, екі қазандық монтажданды, қазандықтарды орап байлау, суды айдау мен дайындау жүйесін қондыру, бақылау-өлшеу приборлары мен автоматиканы монтаждауды жүзеге асырды. Электронды құрал-жабдықтармен жабдықталған заманауи қазандықтар газды пайдалануды, сол сияқты жылу жоғалтуды екі есе азайтады.

Қосымша сумен жабдықтау жобасының жүзеге асуы Ақсай қаласы мен Қызылтал ауылын тоқтаусыз сумен қамтамасыз етуді жүзеге асырды. Жүзеге асырған «Спецстройсервис» ЖШС отандық мердігерлік



компаниясы. Осы уақытқа дейін қала ауыз суды Бестау су құбырынан алатын. Оның өндірістік мүмкіндігі - тәулігіне 7300 м³. Алайда бұл су қаланың шағын аудандары мен Бестауға жақын ауылдар үшін жеткіліксіз болып қалды. Құрылыс жұмысы екіге бөлінген болатын. Олар жоллай Ақсу мен Жаңақоныс ауылдарын да қамтамасыз етеді. Жаңа су құбырының өндірістік мүмкіндігі тәулігіне - 1980 м³, бұл дегеніміз ауыз су проблемасы, әсіресе, жазғы уақытқа шешілді деген сөз.

Тәртіп кодексі

Құрметті әріптестер және достар!

Сіздердің назарларыңызды қайтадан КПО тәртіп кодексі және сонымен байланысты мүдделер қарсылығы мен тәртіп кодексін сақтау саясаты сақталуының маңыздылығына аударғым келеді. Саясаттардың барлығын интранет жүйесінен таба аласыз. Жоғарыда айтылған саясаттар біздің қызметімізді басқаратын ынтымақтастық, құндылықтар мен тәртіптің негізгі ұстанымдарын белгілейді. Бұл саясаттар бұзылған жағдайда (КПО-ның тәртіптік мәселелерді шешу бойынша процедурасына, ал іссапарға келген қызметкерлер үшін оның құрушы компаниясының саясатына сәйкес) тәртіптік шаралар қолданылады. Әсіресе КПО-да алаяқтық пен жемқорлыққа мүлдем жол бермеу саясаты бар.

Тәртіп кодексін сақтау жөніндегі жыл сайынғы есеп.

Жоғарыда көрсетілген саясаттардың маңыздылығын тағы бір айқындап көрсету үшін әрбір қызметкер тәртіп кодексі мен мүдделер қарсылығы саясатының талаптарымен танысқанын және орындайтынын растау қажет. Осы мәселе бойынша толық мәлімет қазан айында беріледі, және біз сіздердің сертификаттауға (қуаландыру) белсенді ат салысатындарыңызға үміттенеміз.

Мүдделердің қарсылығы саясаты – сыйлықтар мен қонақжайлық белгілері. Мүдделер қарсылығы саясатының сыйлықтар мен қонақжайлық белгілеріне қатысты екі нақты саласына назар аударыңыз (8-ші және 9-бөлімдер).

Мақұлдау және тіркеуге алу. Бізге берілген сыйлықтар мен қонақжайлық белгілері саясатта көрсетілгендей міндетті түрде бектілуге және тіркеуге алынуға тиісті. Тәртіп кодексін сақтау комитеті әр тоқсан сайын әрбір бөлімнің сыйлықтар мен қонақжайлық белгілері тізілімін тексеріп тұрады.

Үкіметтік лауазымды тұлғалар. Үкіметтік лауазымды тұлғалардан алынған немесе оларға берілген сыйлықтар мен қонақжайлық белгілеріне ерекше назар аударылуы керек. Егер Сіз алдын

ала мақұлдауға/тіркеуге тиісті сыйлықтар мен қонақжайлық белгілерін үкіметтік лауазымды тұлғаларға беруді немесе жоғарыда көрсетілген тұлғалардан алуды көзденсіз, мүдделер қарсылығы саясатының 8-ші және 9-бөлімдеріне сәйкес келесіні орындауыңыз қажет:

- Бөліміңіздің тәртіп кодексін сақтау жөніндегі бас маманынан консультация алу; және

- Сыйлықтар мен қонақжайлық белгілер тізілімінің сипаттау бөлігінде олардың мемлекеттік лауазымды тұлғадан алынғаны немесе оған берілгені туралы нақты көрсетілгеніне көз жеткізіңіз.

Тәртіп кодексін сақтау саясаты - тәртіп этикасы мәселелері туралы хабарлау міндеті.

Тәртіп кодексін сақтау саясаты қызмет бабын теріс пайдалану мен құқыққа қайшы келетін әрекеттер туралы ескерту бойынша КПО-ның негізгі ұстанымдарын белгілейді. КПО-ның әрбір қызметкері келесі әрекеттер туралы дереу хабарлауға міндетті екенін анық түсіндіргім келеді:

- КПО қызметіне қатысты пара беру, пара беруге жәрдемдесуші талап ету немесе шақыру әрекеттері.

- КПО немесе мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің компаниядағы міндеттеріне байланысты жемқорлық әрекеттері.

- КПО қызметіне қатысты орын алған алаяқтық немесе қаржылық лауазымдық қылмыс фактілері.

Сіздің міндетіңіз жоғарыда көрсетілген тәртіп категориялары туралы өз бөліміңіздің тәртіп кодексін сақтау жөніндегі бас маманды, тәртіп кодексін сақтау жөніндегі менеджерді немесе заң жөніндегі директорды хабардар ету болып табылады.

Сондай-ақ, КПО тәртіп бұзушылық туралы жасырын хабарлауға болатын автономды жедел хабарлау желісін жүргізеді. Тәртіп кодексін сақтау жөніндегі бөліміңіздің бас маманы сізбен осы жүйе жұмысын түсіндіру үшін жақын арада хабарласады.

Құрметпен, Джузеппе Паззи
Бас директор.

Шабытты шарықтатар Италия

Бөрлі ауданының Балалардың өнер мектебінің жас суретшілері Балтиева Жаняна, Калелов Ельдар, Тоқтарова Гауһар, Хайруллина Аэлита, Школова Яна, Юсипенко Наталья 2011 жылдың жазында Италияға сапар шекті. Талантты балалардың бұл сапарын ұстаздары Кульписова Эльмира Еркетаевна ұйымдастырған. КПО-ның бас директоры Джузеппе Паззи, Тұрғындармен жұмыс бөлімінің маманы Адилова Ақмарал, «IGS Corporation» бас директоры Бекбауов Нұртас Қазбекұлы, «KIOS» ЖШС бас директоры Луччиано Бинуччи Бусти, «Жас дарын» коммерциялық емес ұйымы қоғамдық қорының құрылтайшылары Т.Г. Ищенко, А.А. Утебаева, «Transavia» авиатургенттілігінің сату бойынша менеджері Екшибаева Бибігүлдер демеушілік көмек көрсеткен.

Суретші үшін шын мәніндегі сұлу өлкеге келісімен балалар бұл елді есте қалдыруға тырысты, фото және видеоға түсірді, суреттер салды. Италия бөлімшілері нұрлы күнімен, теңіздің таза ауасымен қарсылады.

Балалардың өнер мектебінің оқушылары көркем шеберлік астанасы – Флоренциядағы Микеланджело Институтында болды. Микеланджело Институтының директоры мен «Arte академиясының директоры бастаған итальяндық педагогтар сурет өнері бойынша шеберлік-класс өткізді. Балалар өз қалалары мен өндері туралы айтты және шығармашылық кездесуге қатысты. Еуропалық әріптестер оқушылардың өздері әзірлеген сыйлықтар мен сувенирлерді жоғары бағалады. Олар Қазақстан туралы картиналар, пластикалық көбелектер, т.с.с. болатын.

Италияндық әріптестер мен шетелдік көрермендер балалардың талантын жоғары бағалады. Фестивальдың ұйымдастырушылары мен дирекциясы да осыны атап өтті. Қатысушылар дипломдар мен сертификаттармен марапатталды.

Балауа суретшілер Рим, Неаполь, Венеция, Флоренция, Сиена, Сан Марино, Помпеи қалаларын аралады. Әсіресе, Ватикан мұражайын, Тиволи мен Флоренция қалалары есте қалды. Флоренцияда балалар сәулет және тарихи ескерткіш орындарымен танысты. Қайта өрлеу шеберлерінің ұлы туындыларын көзбен көріп, адамзат тұдырған жапап дүниелерге таңдай қақты. Аты аңызға айналған Венеция қаласында өткізген бір күннен түс көргендей тамаша әсермен оралған. Венецияға алғаш келген суретшінің жаңы қалай тебіренетінін өз басынан өткізіп, сезінесің. Сондай-ақ Неаполь қаласында да осындай өдемі әсерде боласың.

Олар өздерін Италияда еркін, нағыз суретшілердей, өткен ғасырлардағы ұлы қылқалам шеберлерінің мұрагерлеріңдей сезінгендерін айтады.

Италиядан тамаша әсерде оралған балалар гайайып өнер туындылары мен Италияда кездескен, танысқан жақсы адамдарды өлі де еске алып, әңгімелеп жүр. Жалпы өзге елдің мәдениетімен танысуды өте жақ кезден бастаған жөн болса керек. «Алда түрлі қалалар мен елдер тұр. Шығармашылық сапарларымыз жалғасын таппақ, ал ол сапарларда біз өнер сыншыларын өз жұмыстарымызбен қуантатын боламыз. Біз адамның өмірге деген құлшынысына ешқандай қиындықтар тосқауыл бола алмайтынына сенеміз. Сондықтан да оқушылар мен ата-аналардың, және өз атымын осы сапарды ұйымдастыруға көмек көрсеткендердің, сол сияқты біздің шығармашылық жоспарларымызға қолдау көрсеткендердің барлығына алғыс айтамыз. Және де Италияға сапар мәдени-ағарту бағдарламасына қатысу, өсу мен дамудың жаңа мүмкіндіктерін ашады деп сенеміз», – деді Э.Е. Кульписова.



“Қазмұнайгазкәсіподақ” делегациясы КПО-ға келді

КПО компаниясына қазанның 25-інде Қазақстан Республикасының “Қазмұнайгазкәсіподақ” мұнайгаз кешені кәсіподағының өкілдерінен тұратын үлкен делегация келді. Оның құрамында 15 адам бар. Делегацияны бастап келген Қазақстан Республикасының мұнайгаз кешені қызметкерлерінің кәсіподақ төрағасы Тілек-абыл Боранбайұлы Кабдулов.

Мұнайгаз кешені кәсіподағы өкілдерінің келуідегі негізгі мақсаты – «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) мұнайгаз компаниясының кәсіподағы базасында «Қазмұнайгазкәсіподағының» мәжілісін өткізу. «Қазмұнайгаз кәсіподағының» атқару комитетінің отырысын КПО компаниясында

өткізу кездейсоқ емес-ті. Кез келген компанияның динамикалық дамуында кәсіподақ пен жұмыс беруші арасындағы диалог үлкен роль атқаратыны, КПО компаниясының әлеуметтік әріптестік бойынша тәжірибесінің маңыздылығы мен ерекше көңіл аударуды қажет ететіндігі мұнайгаз секторында жұмыс жасашуы көптеген компаниялар үшін сөзсіз үлгі бола алатындығы ескерілсе керек.

«Қазмұнайгазкәсіподақ» делегациясы КПО компаниясының өкілдерімен және «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» мұнайгазконденсатты компаниясы қызметкерлерінің тәуелсіз кәсіподақ ұйымының өкілдерімен кездесті. Кездесу КПО компаниясының бас

гимаратының конференц залында өтті. Қонақтарды КПО компаниясының еңбек ресурстары бойынша басқарушысы Кен Линч және тәуелсіз кәсіподақ комитетінің төрағасы Төлеуғали Кеңесов қарсылады. Кездесу барысында Кен Линч қонақтарға КПО компаниясының өндірісте техника қауіпсіздігін сақтау шаралары туралы, сол сияқты компанияның көлікті қауіпсіз жүргізу мен жол қауіпсіздігі ережесін сақтау бойынша жүргізіп отырған іс-шаралары туралы әңгімелеп берді.

Қауіпсіздік – біздің басты мақсатымыз болып қала береді. Сол үшін 2010 жылы Қазақстан бойынша жаңа жоспар жасалып, жүзеге асырылған болатын. Онда мердігерлік ұйымдардың



қызметін бақылауға, қауіпті факторлар туралы хабардар болуға мониторинг өткізуге және есеп беруге ерекше көңіл бөлінген.

КПО компаниясы қауіпсіздік техникасы саласындағы өздерінің көрсеткіштерін мақтан етеді, – деп қосып айтты Линч мырза.

Кездесу барысында “Қазмұнайгазкәсіподақ” делегациясы КПО компаниясының БҚО аумағында жүзеге асырып жатқан әлеуметтік жобалары туралы егжей-тегжейлі ақпарат берілді. Қоғамдық ұйымдармен байланыс бөлімінің маманы Мереке Құрманғали қонақтарға КПО компаниясы жүзеге асырып отырған Батыс Қазақстан облыстық әкімдігі әлеуметтік даму жоспарына сәйкес белгілеп берген облыстың әлеуметтік құрылымдарын қолдау жұмыстары жөнінде әңгімелеп берді. Бұл жобалардың көпшілігі облыс орталығы – Орал қаласында жүзеге асырылуда және олардың қатарында мектеп,

баба қаша, аурухана, мәдениет және спорт нысандарының құрылыстары бар.

КПО-ның бас кеңсесіндегі кездесуден басқа қонақтарға Қарашығанақ кен орны бойынша саяхат жасау ұсынылды, саяхат барысында КПО-ның өндірістік нысандары, Қарашығанақ кен орнын игеру мен пайдалану бойынша кеңінен әңгімеленді.

Кен орнына жасалған танысу саяхаты аяқталысымен, «Қазмұнайгазкәсіподақ» делегациясы мен КПО өкілдері кездесуді КПО-ның бас кеңсесінде жалғастырды. Кездесу барысында КПО-ның көптеген өкілдері көп жылғы адал еңбегі мен «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) мұнайгаз компаниясының кәсіподақ комитетінің жұмысына белсенне атсалысқаны үшін Қазақстан Республикасының мұнайгаз кешені кәсіподағының мақтау қағаздарымен марапатталды.



Жол қауіпсіздігін сақтауға бірлескен түрде

Желтоқсан мерекесінің алдында КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ, инфрақұрылым мен қызмет көрсету бөлімдері Бөрлі ауданының жол полициясының өкілдерімен бірге №6 ЖББОМ оқушылары үшін жол қауіпсіздігі – акциясын өткізді. Бұл күні балалар КПО компаниясынан тек ескерткіш сыйлықтар алып қана қойған жоқ, кейбір жолда жүру ережелерін еске түсірді. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімі мен жол полициясының инспекторларына компанияның басқа бөлімдерінің қызметкерлері де көмекке келді. Олар оқушыларға қажетті

ақпаратты орыс, қазақ тілдерінде жеткізіп жатты. Бұл шараның басты мақсаты – мектеп оқушыларының есіне жолда жүрудің ең қарапайым ережелерін қайта салу. Мысалы: тәуліктің қараңғы уақытында жолдан қалай өту, автокөлікке қалай отыру, қауіпсіздік белдіктерін тағу мен жарқырауық фликерлерді тағу. Бұл іс-шара техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау бағдарламасының бөлімі болып табылады, сол сияқты қоршаған ортаны қорғау мәселелері негізгі ережелерге айналған. Бұл қауіпсіз



жүру жөніндегі бағдарлама мектепке дейінгі және мектеп жасындағы оқушылардың кіші топтарына арналған. Жолда жүру ережесі бойынша алған білім мен дағдыны бала кішкентайынан алу керек, сонда ғана бұл ережелерді қолдану мен оны сақтай білу қалыптасқан әдетке айналады – деп мәлімдеді КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша менеджері Бауыржан Шамшитов. Мәселен, жолды кесіп өтуге болмайды және бала-лар жолдан үлкендермен

бірге өтулері керектігі мен тәуліктің қараңғы уақытында көзге түсетін жарқырауық заттар тағу қажеттігі, т.б. көптеген мектепке дайындық сыныптарымен бастауыш сынып оқушылары фликер деген заттың жарық шығаратын элемент екенін, ал бұндай заттардың жүргізушіге оқушыны қараңғыда байқауға көмектесетінін білді. Осылайша, осы аймақтағы ірі компания Бөрлі ауданының жол полициясымен бірге қаламыздағы балаларымыздың қауіпсіздігіне мүдделілік танытып отыр.